

Астана қаласы әкімдігінің «Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
Ата-аналар жиналысы бойынша есеп

Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейде 2024 жылдың 19 қаңтар күні мектеп Астана қаласы әкімдігінің Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейінде 1-11 сынып оқушыларының ата-аналар комитеті өкілдерінің қатысуымен ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Күн тәртібі: 1.«Буллинг және кибербуллинг» дегеніміз не? Оның алдын алу жолдары. 2. Заңсыз ақшалай қаражат жинамау туралы ақпараттандыру.

Осы тақырып төңірегінде мектеп психологы Мырзабек Нұрай ата-аналарға презентация бойынша түсіндірме жұмысын жүргізіп, дәріс оқыды. Сонымен қатар ата-аналар тарапынан жолданған сауалдарға жауап берді. Мектеп оқушыларымен психолог тарапынан жылдық жоспарға сай жүргізілу үстіндегі жұмыстарға тоқталып, нәтижелерін жекелей келіп көрулеріңізге болады деп ескертіп өтті. Себебі зерттеу, тестілеу, диагностикалау бойынша қорытындысына сәйкес әр оқушыға қатысты құпиялылық сақталуына баса назар аударылады деп, ой түйіндеді. Ата-аналардың ұсыныс-пікірлері тыңдалды. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұртазина Бақытгүл Қойшыбекқызы сөз алып мектепте жүргізіліп отырған тәрбие жұмыстары, оның ішінде ата-аналарға арналған ашық есік күндері бойынша түсінік беріп өтті. Сонымен қатар мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» кабинеті жұмыс жасайтындығы жайлы ақпарат берілді. Ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелері болса келіп шешімін бірге қарастыру қажет екендігі, ескертілді.

Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұртазина Бақытгүл Қойшыбекқызы: ата-аналар ұжымына мектепке қатысты заңсыз ақшалай қаражат жинауға жол бермеу керектігі жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мектеп қабырғасында жемқорлық фактілеріне жол берілмеуі керек, оқушыларымызды адалдыққа, әділдікке, шыншылдыққа, қайырымдылыққа баулу басты міндетіміз деп, ой қозғады. Алдағы келе жатырған мерекелер 8 наурыз, 22 наурыз, 7-9 мамыр мерекелеріне байланысты ата-аналар тарапынан ақша жинауға жол берілмеуі керек деп ескерту жасады.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:Б. Нуртазина